

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 7 қазан N 1124. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.19. N 753 қаулысымен.

"Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру және оларды ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 15 шілдедегі N 1795 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті туралы Ереже N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті және оған облыстардағы, Алматы және Ленинск қалаларындағы тікелей бағынышты басқармалар, сондай-ақ облысқа бағынышты аудандар мен қалалардағы бөлімшелер мемлекеттік қаржы-бақылауының бірыңғай жүйесін құрайды және республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы таратылған Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің құқықты мирасқоры деп есептелсін. Оның қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті үшін белгіленген еңбек ақы төлеу тәртібі мен шартты сақталсын.

4. Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің органдары қызметкерлерінің саны 2975 адам, оның ішінде орталық аппарат қызметкерлерінің саны 170 адам көлемінде /күзет пен қызмет көрсетуші қызметкерлер санын қоспағанда/ белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетіне және оның жергілікті жердегі органдарында республикалық бюджет қаражаты есебінен осы органдардың еңбек ақы қорының 25 проценті мөлшерінде материалдық көтермелеге және әлеуметтік даму қорын құруға рұқсат етілсін.

Осы қорды пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті белгілейді.

6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің орталық

аппаратының құрылымы N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетіне Төрағаның 4 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасар және 9 адамнан тұратын алқа ұстаудың рұқсат етілсін. Алқаның құрамына Комитеттің Төрағасы / алқа төрағасы/, лауазымы бойынша оның орынбасарлары және орталық аппаратының басшы қызметкерлері кіреді. Алқаның жеке құрамын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті Төрағасының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің орталық аппараты үшін қызмет бабында пайдаланатын 5 женіл автомобиль
ли м и т 1
б е л г і л е н с і н .

9. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Құрылыш, тұрғын үй және аумақтарға құрылыш салу министрлігі, Еңбек министрлігі, Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржы-бақылау комитетіне қызмет бабында пайдалану үшін өздері шығаратын нұсқамалықтарды, нұсқауларды және әдіснамалық сипаттағы басқа да ведомствоның актілерді жіберіп тұратын болсын

1 0 .

Ескерту. 10-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.06.12.

N 813 қаулысымен.

11. Қазақстан Республикасының экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті мен оның жергілікті органдары үшін тұрғын үйлер, қызмет ғимараттары мен әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілер салуға жыл сайын қаражат қарастырылсын.

12. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті мен Әділет министрлігі қолданылып жүрген заңдарға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізуіндегі көздейтін заңдардың жобаларын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсынсын.

13. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 15 қазандағы N 864 "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің мәселелері" /Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992ж., N 40, 593-бап/ қаулысының;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 8 маусымдағы N 482
қаулысының /Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 23, 285-бап/
күші жойылды деп табылын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 7 қазандағы
N 1124 қаулысына
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
қаржы-бақылау комитеті туралы
Е Р Е Ж Е
І . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізу什і субъектілер мен бюджеттік мекемелердің қаржылық-шаруашылық заңдарға сәйкес бақылау жасайтын мемлекеттік басқарудың орталық органы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті өзінің қызметіне Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады. Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті қаржы бақылауын ұйымдастыру мен жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындалап, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті

құрамына облыстардағы, Алматы және Ленинск қалаларындағы өзіне тікелей бағынышты басқармалар және аудандар мен облысқа бағынышты қалалардағы бөлімшелер кіретін үйымдастырушы орталық аппараттан тұрады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің аумақтық органдары ез қызметін депутаттарын жергілікті мәслихат-жиналыстарымен және әкімшіліктерімен үйлестіре отырып жүзеге асырады, оларға жүргізіліп жатқан тексерістер мен тексерулердің нәтижелері туралы дүркін-дүркін баяндайды, шаруашылық жүргізуши субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметіне заңдылықтың бұзылуын қалпына келтіру және алдын алу, ақшалай қаражаттың, материалдық құндылықтардың, басқа да мүліктің жетіспеуі, ысырап етілуі мен ұрлануының орнын толтыруға шараптар қолданады, лауазымды адамдардың қызмет бабын пайдалануын жоюға және олардың алдын алуға бағытталған

ҰСЫНЫСТАР ЕҢГІЗЕДІ.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің бөлімшелері өздерінің жұмысын құқық қорғау және басқа бақылаушы органдармен тығыз байланыста жүргізеді.

Бақылау-тексеру жұмысының қатарласуы мен қосарлануына жол бермеу мақсатымен ведомствоның бақылау қызметтері ведомствоның бағыныштағы кәсіпорындарда, үйымдар мен мекемелерде тексеріс жүргізу мен тексеру жоспарларын тиісінше Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетімен және оның жергілікті органдарымен келіседі.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті органдарындағы жұмысқа қаржы, бухгалтерлік есеп, экономика және құқық саласындағы неғұрлым білікті мамандар тартылады. Бұл органдарға жұмысқа алынатын адамдар лауазымға тағайындау кезінде, сонаң соң дүркін-дүркін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен келісе отырып белгіленген тәртіппен аттестациядан

ӘТКІЗІЛЕДІ.

II. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің міндеттері мен функциялары

5. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, шаруашылық жүргізуши субъектілер мен бюджеттік мекемелердің, оның ішінде республикадан тыс жерлерде жұмыс істейтіндерінің де, қаржы-шаруашылық қызметіне қаржы бақылауын үйымдастыру, мемлекет мұдделерін оның меншігіне қол сұғушылықтан, бөлетін қаражат пен ресурстарды ысырап ету

дұрыс пайдаланбаушылықтан қорғау;

сыбайлас жемқорлыққа және экономика саласындағы қылмыстарға қарсы құқық қорғау органдарымен тығыз өзара іс-қимылда күрес жүргізу;

кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда ұрлықты, жетіспеушілік пен ысырапшылықты алдын алу мақсатымен мемлекеттік қаражат пен ресурстардың, соның ішінде шетелдік валюта қаражатының ұтымды пайдалануы, шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекетпен қаржылық өзара қарым-қатынастарын жетілдіру, есеп-қисап әдістемесі мен бақылауды ұйымдастыру жөнінде тексерістер мен тексерулер материалдарын қорытындылаудың негізінде

ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е у .

Ескерту. 5-тармақтың екінші абзацынан сөздер алынып тасталған-
ҚРМК-нің 1995.08.02. N 1069 қаулысымен.

6. Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті мен оның жергілікті органдарына алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатымен мынадай негізгі ф у н к ц и я л а р ж ү к т е л е д і :

министрліктерде, ведомстволарда, қауымдастықтарда, консорциумдарда, концерндерде, банктерде, бірлестіктерде, ұйымдарда, мекемелерде, кооперативтерде және шаруашылық жүргізуші басқа да субъектілерде заңдылыққа сәйкес тақырыптық тексеру жүргізу, мемлекетті ақшалай қаражат пен тауар-материалдық құндылықтардың сақталуына, қаржы-шаруашылық қызметіне дүркін-дүркін тексеріс пен тексеру жүргізу;

мемлекеттен алынған жәрдем қаржының қаржыландыру қаражатының, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардан келісім-шартпен алынған қаражат пен мүліктің мақсатты пайдалануына, сондай-ақ азаматтардың хаттарына, арыздары мен шағымдарына байланысты жекеменшік кәсіпорындарда, фермерлік және шаруа қожалықтарында және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілерде, соның ішінде шетелдік заңды ұйымдар мен жеке адамдардың қатысуымен қурылған бірлескен кәсіпорындарда және республика аумағында жұмыс істеп тұрған шетелдік кәсіпорындарда өз құзырында және қолданыстағы заңға сәйкес тексерулер жүргізу;

валюталық бақылаудың басқа органдары мен агенттерінің қатысуымен валюталық, экспорттық-импорттық және басқа сыртқы экономикалық операциялар бойынша есеп пен есептеменің толықтығы мен объективтілігіне тексеру, сондай-ақ резиденттердің Қазақстан Республикасының валютасымен байланысты операцияларына тексеру жүргізу;

Қазақстан Республикасына халықаралық шарттар мен келісімдер негізінде берілетін және Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік беретін шетелдік валюта түріндегі кредиттер мен зайлардың, сондай-ақ гуманитарлық көмектің тиімді пайдалануына тексеру жүргізу; бағалы қағаздарды шығарудың, есепке

алудың және олардың айналымының, ақшалай-заттай лотереялар өткізудің белгіленген тәртібін министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті басқару органдарының, басқа да мекемелер мен шаруашылық жүргізуши субъектілердің қолданыстағы заңға сәйкес сақтауын бақылау;

тексерістер, тексерулер, түгендеулер жүргізу, заңда көзделген тәртіппен сот, прокуратура, тергеу органдарының және жауап алу органдарының қаулылары бойынша саратар жүргізу;

Мемлекеттік, бюджеттен тыс және қоғамдық қорлар қаражатының мемлекеттік көздерден түсken бөлігінде тиімді жұмысалуына тексерістер мен тексерулер жүргізу;

өкімет пен басқару органдарының тапсыруы бойынша мемлекеттік бюджеттің атқарылуына дүркін-дүркін тексеру жүргізу;

ведомствоның тексеру қызметтерінің қызметіне әдістемелік басшылық жасау және оны бақылау;

мемлекеттік қаражат пен ресурстардың, соның ішінде валюталық қаражаттың мақсатты да тиімді пайдалануына, үнемдеу тәртібін қамтамасыз етілуіне бағытталған ұсыныстар әзірлеу;

шаруашылық жүргізуши субъектілердің мемлекетпен қаржы жөніндегі өзара қатынастарын жетілдіруге, кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда валюталық-қаржы қаражаты мен мүліктің орынсыз пайдалануы және ұрлануы фактілерінің алдын алу мақсатымен есептеу, бақылауды ұйымдастыру әдістемесін әзірлеу;

қаржылық сауықтыру, дағдарысты жою және республиканың экономикасын нығайту, есеп айырысу-кредит және валюта-қаржы тетіктерін жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеуге қатысу;

меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру кезінде белгіленген тәртіптің және мемлекеттің экономикалық мұдделерінің сақталуын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп тексеруді, ал қажет болған жағдайда дербес тексеруді жүзеге асыру;

қарамағындағы бөлімшелердің жұмысын ұйымдастыру, оларға әдістемелік көмек көрсету, оларда тексеру мен зерттеу жүргізу, кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі шараларды жүзеге асыру, бақылау-тексеру жұмысының он тәжірибесін зерттеу және оны жүйе қызметкерлерінің арасында тарату.

7. Тексерістер мен тексерулер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің жеке бастамасы бойынша да, қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, жергілікті әкімдердің тапсыруы бойынша да, сондай-ақ құқық қорғау органдарының ұсынуы бойынша да, азаматтардың хаттары, арыздары мен шағымдары бойынша да тағайындалады.

Бұл орайда республиканың сот органдарының, прокуратура, ішкі істер мен

Ұлттық қауіпсіздік органдарының ұсынуы бойынша тағайындалатын тексерістер олардың жоспарда бар екеніне немесе белгілі бір объектіде бұрынғы тексерістер мен тексерулердің аяқталу мерзіміне қарамастан бірінші кезекте жүргізіледі.

III. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің құқықтары

8. Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті мен оның жергілікті органдары өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруды мынадай құқықтарға ие:

тексерілетін объектілерде кез келген нормативтік сипаттағы құжаттаманы, жоспарларды, сметаларды, есептерді, бухгалтерлік, қаржылық және банк құжаттарын, қолда бар нақты ақша қаражатын, бағалы қағаздар мен материалдық құндылықтарды

тексеруге;

меншік иесінің, не оның өкілінің немесе ол өкілеттік берген адамның қатысуымен өндірістік, қойма және басқа үйлерді қарап шығу, түгендеуді ұйымдастыру, орындалған жұмыстарды қадағалап өлшеу, шикізатты өндіріске қадағалап қосу, шикізат пен дайын өнімнің сапасын және стандарттарға сай келуін лабораторияға зерттеу үшін сынамалық іріктел алу, кассаларға, қоймаларға және тауар-материалдық құндылықтар сақталған басқа да орындарға

сүргі салуға;

тексерілетін мекемелер мен шаруашылық жүргізуши субъектілердің басшылары мен басқа да қызметкерлерінен тексеріс пен тексеру барысында туындаған мәселелер бойынша жазбаша түсініктер беруді талап етуге және оларды алуға;

қолдан жасалған, жалған құжаттар мен басқа да жолсыздықтар анықталған жағдайда кейіннен құқық қорғау органдарына табыстау үшін акт бойынша қажетті құжаттардың түпнұсқаларын алып, оларды расталған көшірмелерін немесе алынған құжаттардың тізбесін қалдыруға;

банктер мен басқа да кредит мекемелерінен тексерілетін объектілердің операциялары және есепшоттарының жай-күйі туралы қажетті мәліметтер алуда;

тексерістер мен тексерулерге қатысу үшін қаржы органдарының, салық инспекцияларының, банктердің, сондай-ақ басқа да кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың мамандарын тартуға;

тексерістер мен тексерулер барысында тексерілетін кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшыларымен бірлесіп, қаржы тәртібінің, бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібінің анықталған бұзылуын, қаражаттың заңсыз жұмсалуын жою жөнінде қажетті шаралар қолдану;

тексерістер мен тексерулер материалдары бойынша министрліктерге, ведомстволарға, мекемелер мен шаруашылық субъектілерге ашылған

жолсыздықтарды жою және оларды алдағы уақытта болдырмау, кінелі адамның есебінен зиянды өтеу туралы орындауға міндettі нұсқаулар беруге;

Шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мекемелер жолсыздықтарды жою және зиянды өтеу туралы нұсқауларды орындалмаған немесе тексеруге жібермеген, немесе оны жүргізуге қажетті құжаттарды беруден, құндылықтарды түгендеуді ұйымдастырудан бас тарту жолымен оны жүргізуге бөгет жасалған, оның материалдарын қараудан және оларға қол қоюдан жалтарған жағдайда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің органдары оларға қызмет көрсететін банктерге осы шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мекемелердің есеп айырысу және басқа есепшоттары бойынша операцияларды жол берілген жолсыздықтар толық жойылғанға немесе зиянды өтеу жөніндегі заңда көзделген шаралар қолданылғанға дейін тоқтату /оқшаулау/ туралы уәжді табастама жібереді;

тексерістер мен тексерулер кезінде анықталған жетіспеушіліктер, ысыраптар, ұрлықтар мен жолсыздықтар туралы материалдарды тергеу органдарына жолдаиды.

министрліктер, ведомстволар, басқарудың шаруашылық органдары үшін тексерістер мен тексерулер нәтижелерінің есебін жүргізу тәртібін және Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп, бақылау-тексеру жұмысы бойынша есеп-қисап нысандары мен оны табыстау мерзімін белгілейді;

тексерістер кезінде анықталған белгіленген тәртіпті бұзы салдарынан бюджеттен артық алынған қаражатты, сондай-ақ қаржыға байланысты басқа да бұрмалаушылықтар салдарынан мемлекетке келтірілген зиянның сомасын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге, банктерге және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілерге қаржы санкциялары мен әкімшілік айыппұлдар қолдау арқылы заңды тұлғалардың есепшоттарынан даусыз және бірінші кезекте өндіріп алу жөнінде банк мекемелеріне, басқа да қаржы-кредит мекемелеріне өкім береді;

Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің шет елдік әріптермен есеп айырысуын анықтау үшін тиісті шет елдік қызметтермен олардың көмегімен анықталған бүркемеленген немесе жасырылған ақшалай түсімнің немесе басқадай келтірілген зиянның сомасы есебінен ақы төлеу арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

Ескерту. 8-тармақтың он үшінші абзацының сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.08.02. N 1069 қаулысымен.

IV. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің міндettілігі мен жауапкершілігі

9. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің лауазымды адамдары өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру кезінде қолданылып жүрген зандарды қатаң басшылықта алуға, кәсіпорындардың, ұйымдардың басқа да шаруашылық жүргізуі субъектілер мен мекемелердің ағымдағы және есеп айырысу есепшоттары бойынша алынған мәліметтерін тек қана қызмет бабында пайдалануға міндетті. Өздерінің міндеттерін орындағаны немесе атұсті орындағаны және мемлекеттік, сондай-ақ коммерциялық құпияны сақтамағаны үшін оларға Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарына сәйкес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік жүктеледі.

10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті мен оның жергілікті органдарының қызметкерлеріне ғылыми және оқытушылық қызметтен басқа кәсіпкерлік қызметтен айналысуға, кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде қызметтерді қоса атқаруына тыйым салынады.

11. Мемлекеттік қаржы-бақылау органдарының немесе лауазымдық адамдардың іс-әрекеті жөніндегі шағымдарды бағыныштылық тәртіппен жоғары тұрған орган бір ай мерзімде қарайды немесе заңда белгіленген тәртіппен сот органдары на шағынуға болады.

V. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің қаражаттары

12. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің органдары республикалық бюджет қаражаты есебінен ұсталады.

Қызметкерлердің санын және енбекке ақы төлеу қорын, сондай-ақ жеңіл автомобиль көлігін ұстауға арналған лимиттерді;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетіне және жалпы жүйеге Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді;

облыстардағы, Алматы және Ленинск қалаларындағы бөлімшелер бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті, ал аудандар мен басқа да қалалар бойынша Комитеттің тиісті облыстардағы басқармалары белгілеуді.

Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті орталық аппаратының құрылымын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

13. Мемлекеттік қаржы-бақылау органдары қызметкерлерінің тексерістер мен тексерулердің сапасын арттырып, пәрменділігін қүшейтуге мұдделілігін туғызу мақсатымен Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті мен оның аумақтық бөлімшелерінде:

осы органдардың енбекке ақы төлеу қоры сомасының 25 проценті мөлшерінде республикалық бюджет қаражаты есебінен;

шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мекемелер тексерістер мен тексерулер материалдары бойынша кінәлі адамдардың есебінен өтелген зиян сомасының 30 проценті мөлшерінде аударатын жарналар есебінен;

Көр қаражатының құралу, оны есептеу және пайдалау тәртібін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті белгілейді.

Ескерту. 13-тармақтың төртінші абзацы алынып тасталған -
ҚРМК-нің 1995.08.02. N 1069 қаулысымен.

VI. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің қызметкерлерін әлеуметтік және құқықтық

қ о р ф а у

14. Мемлекеттік қаржы-бақылау органдарының қызметкері қызмет бабындағы міндеттерін орындауга байланысты қаза тапқан жағдайда немесе мемлекеттік қаржы-бақылау органдарында жұмыс істеген кезеңде алған қаражаты, ауруы салдарынан жұмыстан босатылғаннан кейін қайтыс болған жағдайда қаза тапқан /қайтыс болған/ қызметкердің отбасына немесе оның асырауындағы адамдарға /мұрагерлеріне/ қаза тапқан /қайтыс болған/ қызметкерлердің он жылдық ақша қаражаты мөлшерінде республикалық бюджет қаражатынан бір жолғы жәрдемақы төленеді, кейіннен бұл сома кінәлі адамдардан **өндіріп алынады.**

Мемлекеттік қаржы-бақылау органдарының қызметкеріне қызмет бабындағы іс-әрекетті жүзеге асыруына байланысты көсіби қызметпен айналысу мүмкіндігінен айыратын ауыр дене жарақатын салған жағдайда оған республикалық бюджет қаражаты есебінен бес жылдық ақшалай қаражат мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленеді, кейіннен бұл сома кінәлі адамнан өндіріп алынады, сондай-ақ оның лауазымдық қызметақысы мен зейнетақысы /өмірлік/ арасындағы айырма төленеді.

Мемлекеттік қаржы-бақылау органдарының қызметкерлеріне қызмет бабындағы іс-әрекеттің жүзеге асыруына байланысты орташа ауыр дене жарақаты салынған жағдайда оған республикалық бюджет қаражаты есебінен бес айлық табысы мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленеді, кейіннен бұл сома кінәлі адамдардан **өндіріп алынады.**

15. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің барлық деңгейдегі органдары соттарда қаралатын істер бойынша, сондай-ақ нотариалдық және басқа әрекеттер жасағаны үшін мемлекет кірісіне баж алымын

VII. Қазақстан Республикасы Мемлекеттің қаржы-бақылау комитетінің жұмысын үйымдастыру

16. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалатын Төраға басқарады.

17. Төрағаның орынбасарларын Төрағаның ұсынуымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қызметке тағайындалап, қызметтен босатады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің облыстардағы, Алматы мен Ленинск қалаларындағы басқармаларының бастықтарын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетімен және тиісті әкімдермен келісіп Комитеттің Төрағасы, ал қалалық және аудандық бөлімшелердің басшыларын Комитеттің Төрағасы тағайындейды.

18. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің Төрағасы:

Комитет пен оның жергілікті органдарының қызметін басқарады, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін оған дербес жауапкершілік жүктеледі, Төраға орынбасарлары арасындағы міндеттерді бөліп береді.

Бөлінетін жалпы қаржы, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейтін қызметкерлер саны мен еңбекке ақы төлеу қоры, жеңіл автомобиль көлігін ұстауға арналған лимиттер шегінде Комитеттің орталық аппаратының штаттарын бекітеді, бөлінетін қаржының мөлшерін, оның жергілікті органдары қызметкерлерінің саны мен еңбекке ақы төлеу қорын белгілейді, олар үшін жеңіл автомобиль көлігін ұстауға арналған лимиттерді айқындайды;

өз құзыреті шегінде Комитеттің орталық аппаратының қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, қызмет бабымен ауыстырады және жұмыстан босатады, қарамағындағы органдардың басшы қызметкерлерін лауазымға тағайындейды және лауазымнан босатады; оларға еңбек заңдарында көзделген көтермелей мен тәртіптік айып шарапаларын қолданады;

тексерістер мен тексерулердің жоспарлауын, жүзеге асыруын және олардың нәтижелерінің хатталуын реттейтін тәртіпті, нормативтік актілерді әзірлеп, бекітеді:

қолданылып жүрген заңдар, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулылары, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің актілері негізінде және соларды орындау

үшін Мемлекеттік қаржы -бақылау комитетінің құзыretі шегінде бұйрықтар мен нұсқамалар шығарады және барлық қызметтер мен қарамағындағы ұйымдардың орындалуы үшін міндettі нұсқаулар береді.

Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің Төрағасы басқа да Қазақстан Республикасы министрлерімен мемлекеттік комитеттерінің төрағаларымен және ведомстволарының басшыларымен бірлесіп, өзінің құзыretі шегінде бірлескен бұйрықтар мен шығара алады.

19. Төраға, оның орынбасарлары және орталық аппараттың басқа да басшы қызметкерлері құрамында құрылатын алқа Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетін басқарудың алқалық органы болып табылады. Алқаның саны мен дербес құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Алқа өзінің мәжілістерінде Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің ағымдағы және келешектегі міндettterін айқындайды, бақылау-тексеру жұмысының әдістерін жетілдірудің және оның тиімділігін арттырудың, қабылданған шешімдерді орындаудың, кадрларды іріктеудің, орналастырудың, қайта даярлаудың негізгі мәселелерін қарайды, аса маңызды бұйрықтар мен нормативтік-әдістемелік құжаттардың жобаларын талқылайды, бөлімшелердің жұмысы туралы есептерін тыңдайды.

Алқаның шешімдері Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті Төрағасының бұйрықтарымен және өкілдерімен іске асырылады.

20. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті, облыстардағы, Алматы және Ленинск қалаларындағы оған қарасты басқармалар, сондай-ақ оның облыс орталықтары қалаларындағы бөлімшелері занды тұлғалар болып табылады, жеке мұлкі болады, банктерде ағымдағы, есеп айырысу және басқа есепшоттары және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтанбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өздерінің атаулары жазылған мөрі болады.

Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің облыстардағы басқармалары

қалалық және аудандық бөлімшелердің қызметкерлерін /басшыларынан басқа/ жұмысқа қабылдайды, жұмыстан босатады, оларды ұстауға жұмсалатын шығындарды қаржыландырады және олардың есебін жүргізеді, қажет болған жағдайда Ұлттық мемлекеттік банк мекемелерінде ақшалай қаражатты аудару үшін ағымдағы атаулы есепшоттар ашады.

VIII. Таратылуы және қайта құрылуы

20. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау

комитеті заңда белгіленген тәртіппен таратылады және қайта
құрылады.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 7 қазандағы
N 1124 қаулысына
N 2 қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау
комитеті орталық аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ

Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс басқармасы
Бюджеттік мекемелерді тексеру басқармасы
Әнеркәсіп және құрылыш кәсіпорындары мен ұйымдарын тексеру
басқармасы
Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарын тексеру басқармасы
Қызмет көрсету саласының кәсіпорындары мен ұйымдарын тексеру
басқармасы
Шағын нысандағы шаруашылық жүргізу кәсіпорындарын тексеру
басқармасы
Қаржы-несие, сақтандыру органдарын және бағалы қағаздар нарығын
тексеру басқармасы
Валюталық бақылау мен бірлескен және шетелдік кәсіпорындарды
тексеру басқармасы
Құқық қорғау органдары және қорғаныс мекемелері мен ұйымдарын
тексеру басқармасы
Кадрлар мен Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің жергілікті
органдарын қаржыландыру басқармасы
Іс басқармасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК